

gorenje

S450E

Ұсақтағыш

Пайдалану жөніндегі басшылық KZ

KZ

Пайдалану жөніндегі басшылық 00



1. Жұмыс режимдерінің ауыстырып қосқышы (импульсті)
2. Қорек блогы
3. Қақпақпен қауіпсіздік
4. Шар
5. Ұсақтауға арналған жүз
6. Резеңке сақина

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- Аспапты дұрыс қолдану үшін нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықты міндетті түрде сақтаңыз және аспапты жаңа иегеріне берген кезде нұсқаулықты да беруге ұмытпаңыз. Өндіруші пайдалану жөніндегі нұсқауларды сақтамаған жағдайда жауапкершілік көтермейді.
- Жалғар алдында аспапта көрсетілген кернеудің желідегі нақты параметрлерге сәйкес келетіндігін тексеріп алу қажет.
- Аспап тек бөлме ішінде тұрмыстық қолдануға ғана арналған.
- Жұмысты аяқтаған соң және тазалау алдында аспапты өшіріңіз және ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Кез келген бөлшектерді орнату және ажырату алдында аспапты өшіріңіз және ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Бүлінген немесе бұзылған аспапты қолданбаңыз. Аспап бүлінген немесе бұзылған жағдайда авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
- Пышақтары толықтай тоқтамайынша аспапты ашпаңыз.
- Аспапты пайдалану мен тазалаудан басқа, онымен жасалатын кез келген әрекеттер авторлық құқығы бар сервис орталығында жүргізілуі тиіс.
- Аспапты, желілік шнурды және ашаны суға немесе кез келген сұйықтыққа батырмаңыз.
- Желілік шнурдың балалардың қол жететін жерден салбырап тұруына жол бермеңіз.
- Байланыстыру кабелінің ыстық беттерге жақын орналаспауын және оларға тиіп тұрмауын қадағалаңыз. Кабель еркін орналасуы, қысылып қалмауы және өткір жиектерге тиіп тұрмауы керек.
- Егер желілік шнур немесе аша бүлінген болса, аспапты қолданбаңыз. Қауіптің алдын алу үшін оны ауыстыру мақсатында авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
- Тек түпнұсқа аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз.
- Аспаптардың барлығы қатаң сапа бақылауынан өтеді, сонымен қатар қолдану ыңғайлығына сынақ жүргізіледі.

- Пышақты қолдану кезінде аса сақ болыңыз: кескіш жиектер өте өткір болады!
- Пышақты әйнек тостағаннан тыс қолданбаңыз.
- Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар қолдана алады; физикалық, сәзімталдық және ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдар; құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалай қолдану керегін білмейтін адамдар тек бақылаумен және қауіпсіз қолдануды және оған байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамдардың бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.
- Шу деңгейі: $L_c < 72$ дБ (А)

Бұл құрылғы Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/ЕУ деректемесіне (WEEE) сәйкес таңбаланған. Бұл директива Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын қайтару және екінші ретті өңдеу туралы еуропа заңнамасының негізі болып табылады.

АСПАПТЫ АЛҒАШ ҚОЛДАНУ

АСПАПТЫ ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ БӨЛШЕКТЕУ

Аспаптың байланыстыру кабелі желіге жалғанбаған.

- Пластик бөлігінен ұстап тұрып, тостағанға пышақты (5) немесе көпіртуге арналған дискті (7) салыңыз.
- Тостағанды қақпақпен (4) жабыңыз.
- Қақпаққа (3) электрлік моторды (2) орнатыңыз.
- Аспапты бөлшектемес бұрын ашаны розеткадан ажыратыңыз. Бөлшектеу кері тәртіппен жүргізіледі.

АСПАПТЫ ҚОЛДАНУ

- Алғаш қолданар алдында тостағанды және оның керек-жарақтарын ыдыс жуу машинасында немесе қолмен жұмсақ жуу құралын қолданып жуыңыз. Жақсылап шайыңыз және кептіріңіз.
- Тостаған бөлшектерін құрастырыңыз.

ҰСАҚТАУ

Пышақты (5) қолданып

- Тағамдарды тостағанға салыңыз. Тостағандағы 500 мл белгіден асырмаңыз.
- Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін импульстік режимде «Старт» батырмасын басыңыз. Егер тағамдар қабырғаға жабысып қалса, оларды қалақшамен түсіріп, тостағанға біркелкі таратыңыз. Ұсақтау дәрежесі жұмыс ұзақтығына байланысты болады.

СҰЙЫҚ ҚОСПАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Пышақты (5) қолданып

- Тағамдарды тостағанға салыңыз. Тостағандағы 500 мл белгіден асырмаңыз.
- Араластыруды бастау үшін «Старт» батырмасын басыңыз, тоқтату үшін батырманы жіберіңіз.

КӨПІРТУ

Көпіртуге арналған дискті (7) қолданып

- Тағамдарды тостағанға салыңыз. Тостағандағы 500 мл белгіден асырмаңыз.
- Араластыруды бастау үшін «Старт» батырмасын басыңыз, тоқтату үшін батырманы жіберіңіз.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Пышақ жиектерін қорғау үшін қатты тағамдарды (мысалы, қатты шоколад, шақпақ қант) ұсақтамаңыз.
- Пышақты қолдану кезінде аса сақ болыңыз: кескіш жиектер өте өткір болады!
- Ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Тостағанды және оның керек-жарақтарын ыдыс жуу машинасында немесе қолмен жұмсақ жуу құралын қолданып жуыңыз. Жақсылап шайыңыз және кептіріңіз.
- Құрамында хлор бар құралдарды (ағартқыштарды) қолданбаңыз.
- Электрлік моторды суға батыруға, сонымен қатар ағын су астында жууға тыйым салынады! Электрлік моторды дымқыл матамен сүртіңіз.

САҚТАУ

- Қолданып болған соң кабельді орап, қақпағымен (3) жауып қойыңыз.
- Сақтауға арналған қақпақты (8) ұсақталған тағамдардың бетін жабу және оларды тоңазытқышта сақтау үшін қолдануға болады.

Қоршаған ортаны қорғау

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

Кепілдік және қызмет көрсету

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз.

Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

Тек үйде қолдануға арналған!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!



Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ,
Ресей, 119180 Мәскеу,
Якиманская жағ., 4-үй, 1-құр.
Тел.: 8-800-700-05-15

info@gorenje.ru

<http://www.gorenje.ru>

**GORENJE
АСПАПТЫ АСҚАН
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!**

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!